


саты - бүйірінде қысқа тізбекті ароматты көмірсутектерді парафинді көмірсутектердің және аммиактардың түзілуі әрі гидролизденуі. Азот құрамды қосылыстар күкіртті және оттеққұрамды қосылыстардан, сонымен қатар диенді және олефинді көмірсутектерден күрделі гидрленеді.

Оттеққұрамды қосылыстар сәйкесті көмірсутектерді және суды түзіп, әдетте гидрлеу реакциясына жеңіл қатысады. Төменде нафтенді қышқылдардың гидрогенолиз реакциясының сұлбасы келтірілген:



Нафтендік және карбон қышқылдары декарбоксилдеу немесе гидрлеу реакцияларына қатыса алады. Онда карбоксилдік топ метилдік топқа айналады. Конденсацияланған ароматты құрылымдарды құрайтын оттеқ, әдетте, су түзумен жеңіл гидрленеді, ал қалған радикал жоғарыда аталған реакцияларға қатысады. Бірдей құрылымда қосылыстардың салыстырмалы гидрлеу тұрақтылығы мына қатарда өседі: күкірторганикалық < оттеққұрамды < азоторганикалық.

Гидрогендік күкіртсіздендіру жағдайында күкіртті қосылыстарды гидрлеумен қатар нафтенді және парафинді көмірсутектердің изомерленуі өтеді. Бұл реакция күкіртсіздендірудің кез келген жағдайларында катализатордың қасиеттеріне байланысты әр түрлі шарада байқалады.

Ароматты сақиналар гидротазартқанда өзгеріске ұшырамайды немесе конденсацияланған (3 және одан жоғары циклді) ароматты көмірсутектерде басым жағдайда аздаған дәрежеде сутекпен қанығады.

Күкіртсізденуге серіктес реакциялардың ішінде қанықпаған